



МУҚТАР МУҚАНҰЛЫ
МАҒАУИН



Өмірбаяны

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин — 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында туған.

1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы оның аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолын 1965 жылы бастады. "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі,

1967-1971 жылдары "Жазушы" баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген, Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді.

1983-1984 жылдары еркін шығармашылық қызметте, 1984-1986 жылдары "Жазушы" баспасының бас редакторы.

1987 жылы еркін шығармашылық қызметте, 1988 жылдан бері "Жұлдыз" журналының бас редакторы. □

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы, әдебиет зерттеушісі. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

"Аласапыран" тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді. (1984).

Қазақстанның Халық жазушысы, Түркияның Халықаралық "Түркі дүниесіне қызмет" сыйлығының сахибы.



Әңгімелері

“Кешкүрым” атты тұңғыш әңгімесі 1964 жылы
“Жұлдыз” журналында жарияланды.

“Қобыз сарыны” атты ғылыми монографиясы
жарық көрген (1968).

“Көкмұнар” (роман, 1972),

“Бір атаның балалары”,

“Көк мұнар” (повестер мен әңгімелер),

“Аласапыран” (тарихи роман-дилогия,
1980-1982),




“Шақан Шері” (роман),

“Мен” (ғұмырбаяндық роман-хамса),




“Құмырсқа-қырғын” (әңгімелер),

“Ұлтсыздану ұраны” (мақалалар) және тағы
басқа кітаптары жарық көрген.

2002 жылы он үш томдық шығармалар жинағы
басылып шықты. Көптеген шығармалары орыс
тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған.



Жақсы адам жаман жазушы болуы мүмкін, бірақ жаман адам ешқашан жақсы жазушы бола алмайды.





Аласапыран

Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген “[Аласапыран](#)” тарихи дилогиясы 1981—83 ж. жарық көрді. Романда қазақ ордасын [Тәуекел хан](#) басқарған тұстағы (16 — 17 ғ-лар) қоғамдық-өлеуметтік жағдай көрініс тапқан.

Жармақ

Жақын арада Чехия Республикасынан жарық көрген "Жармақ" — қазақтың екі ғасырлық тарихы мен бүгінгі психологиялық тартыстар жүйесіне құрылған романы жазушыны мүлдем басқа қырынан көрсетеді.

Мұхтар Мағауин


Жармақ

www.spaib.kz


Қобыз сарыны



“Қобыз сарыны” (1968) монографиясында хандық дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларын (15 — 18 ғ-лар) жүйелі түрде талдады



Группалас Әбіш Кекілбаев пен
Мұхтар Мағауин





Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі:
менің жарым, менің анам, менің
қызым. Қазақты қазақ қылған осы
әйел болатын. Сұлу ғана емес,
сымбатты, мінезді, ақылды, адал
жар, абзал ана, ағайынға қамқор,
ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны,
елдің көркі.



Көңіл қойып тыңдағандарыңызға
рахмет!!!

